

## Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 805 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы N 552 Жарлығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.11. N 552 Жарлығымен.*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 19) тармақшасына , 45-бабының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 2565 Жарлығының 2, 4, 5-баптары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 412-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 3144 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 42, 392-құжат) ;

3) "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 қарашадағы N 3242 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 48, 465 - құжат) ;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 3144 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3434 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 14, 98-құжат);

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдардың құрылымы, штат саны және лауазымды адамдардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қазандағы N 3691 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 47, 427-құжат);

6) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21

сәуірдегі N 378 Жарлығының 2-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 20, 218-құжат).

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 11 ақпандағы

N 805 Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің**

**Әкімшілігі**

**туралы**

**ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мәртебесін, өкілеттігін және Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан әрі - Президент Әкімшілігі) Республика Президенті құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Президент Әкімшілігі заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі бар.

3. Президент Әкімшілігі мен оның қызметкерлері қызметінің құқықтық негізін Конституция, Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

4. Президент Әкімшілігінің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, Жоғары Сот Кеңесінің және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдардың қызметін жалпы бақылау, соның ішінде Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жасау;

3) Республика Президентінің шешімдерін сөзсіз, түбегейлі және уақтылы орындау;

4) Республика Президентін елдегі және шетелдегі істің жағдайы туралы

уақтылы әрі толық хабардар ету болып табылады.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.09.21. N 413 Жарлығымен.*

## **2. Президент Әкімшілігінің өкілеттіктері**

5. Президент Әкімшілігі ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша:

1) Мемлекет басшысының халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін, Конституцияның мызғымастығын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылысты қорғау мен нығайту, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі саясатын іске асыруға;

2) қоғамдық келісім мен саяси тұрлаулылықтың, Қазақстан халқының игілігі үшін экономикалық дамудың, қазақстандық отансүйгіштіктің және мемлекет өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешудің конституциялық принциптерін жүзеге асыруға;

3) елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, оны іске асыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырудың тетіктері мен тактикасын жетілдіруге қатысады.

6. Президент Әкімшілігі Республика Президентінің қарауына:

1) прогресс пен рухани түлеу негізінде қоғамды топтастыру, қазақстандық қоғамның демократиялық менталитетін орнықтыру, Қазақстанда адам мен мемлекеттің мүдделеріне жауап беретін саяси жүйе құру;

2) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызметін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) билік органдарының Қазақстан халқының алдындағы Конституцияда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының - саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимылы тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді. <\*>

*Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 ж а р л ы ғ ы м е н .*

7. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауын даярлауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметін қ а м т а м а с ы з е т е о т ы р ы п :

1) Мемлекет басшысы айқындайтын Қазақстан Республикасының сыртқы

саяси стратегиясын әзірлеуге, елдің ұлттық мүдделерін ескере отырып, оның әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындауға және Республика Президентінің халықаралық бастамашылықтарын іске асыруға қатысады;

2) сыртқы экономикалық мәселелер бойынша, соның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы, Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық кеңістікке кірігуі жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалу мониторингіне қатысады;

4) Республика Президентінің айрықша сыртқы саяси құзыретін протоколдық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

9. Президент Әкімшілігі құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қылмысқа қарсы күресті, ұлттық қауіпсіздікті, құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді және бақылау жасауды жүзеге асырады.

10. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының норма түзушілік қызметін қамтамасыз ете отырып:

1) Республика Президентіне мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағыттары, азаматтар мен ұйымдарды құқықтық қорғаудың тиімді мемлекеттік тетігін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) елде заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, Республика Президентінің норма түзушілік қызметінің тетігін жетілдіру жөнінде шаралар қолданады;

3) Мемлекет басшысының қарауына енгізілетін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық және өзге де актілерге құқықтық сараптаманы жүзеге асырады, Республика Президентінің актілерін әзірлеуге және оның тапсырмасы бойынша заң жобаларын әзірлеуге қатысады; <\*>

4) Республика Президентінің қарауына Парламенттің заң шығарушылық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкіметтің және басқа да мемлекеттік органдардың заңдарда белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді өз жарлықтарымен құқықтық реттеу туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Республика Президентінің заң шығару бастамасы құқығын іске асыру мақсатында заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады, сараптауды жүзеге асырады және оларды әзірлейді.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 , 2007.09.21. N 413 Жарлықтарымен.*

11. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Парламентіне қатысты өкілеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында:

1) Мемлекет басшысын Парламенттегі заң шығару процесінің жай-күйі және онда қаралатын мәселелер туралы ұдайы хабардар етеді, Республика

Президентінің заң жобалары бойынша ұстанымын түсіндіреді;

2) Республика Президентіне: Парламентте заң жобаларын қарау басымдығын айқындау; заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялау туралы Парламентке ұсыныстар енгізу Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыру; Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында немесе Парламенттің тиісті Палатасының отырысында Мемлекет басшысының қатысуының қажеттігі, Президенттің Парламент басшылығымен, партиялар фракцияларымен және депутаттық топтармен, Парламенттің жекелеген депутаттарымен кездесулер өткізуі жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Республика Президентіне Парламент Сенаты Мемлекет басшысына қол қоюға ұсынған заңдар туралы қорытындылар дайындайды;

4) Республика Президенті қол қойған заңдардың жария етілуін не Мемлекет басшысының шешімі бойынша заңдардың немесе олардың жекелеген баптарын қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарылуын қамтамасыз е т е д і .

*Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 , 2007.09.21. N 413 Жарлықтарымен.*

12. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының Үкіметке қатысты өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ете отырып, Республика Президентіне:

1) Үкіметке Конституцияда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеннен басқа атқарушылық функцияларды жүзеге асыруды жүктейтін а к т і л е р ш ы ғ а р у т у р а л ы ;

2) Парламент Мәжілісіне заң жобаларын енгізу туралы;

3) Үкімет актілерінің күшін жою не толық немесе ішінара тоқтата тұру т у р а л ы ;

4) Үкіметтің ерекше маңызды мәселелер жөніндегі отырыстарында Мемлекет басшысының төрағалық етуі туралы;

5) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, тарату және қайта ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізеді.

13. Үкіметтің Мемлекет басшысының төрағалық етуімен өткен отырыстарында тұжырымдалған Үкімет шешімдерінің жобалары Президент Әкімшілігімен келісілуге тиіс.

14. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының Конституциялық Кеңеске қатысты өкілеттіктерін қамтамасыз ете отырып:

1) Мемлекет басшысының Конституцияның 72-бабында көзделген жағдайларда Конституциялық Кеңеске жүгінуін;

2) Мемлекет басшысының Конституциялық Кеңестің шешімдеріне қарсылықтарын дайындауды жүзеге асырады.

15. Президент Әкімшілігі Мемлекет Басшысының оған тікелей бағынатын әрі

есеп беретін мемлекеттік органдарға және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдарға қатысты өкілеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында:

1) Мемлекет басшысына оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құру, тарату және қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар қызметінің өзара іс-қимылын және үйлестірілуін қамтамасыз етеді;

3) Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, Жоғары Сот Кеңесінің және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

*Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.09.21. N 413*

### *Ж а р л ы ғ ы м е н .*

16. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының аймақтық саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асыру мақсатында:

1) Республика Президентіне елдің аймақтық саясатының стратегиясы, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың сындарлы бірлесіп жұмыс істеуі, олардың елдің орталық органдарымен, көршілес мемлекеттердің шекаралас аймақтарымен өзара іс-қимылы жөнінде болжам жасауды және ұсыныстар т ұ ж ы р ы м д а у д ы жүзеге асырады;

2) Мемлекет басшысының әкімдермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) Мемлекет басшысына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің актілерін жою не толығымен немесе ішінара тоқтата тұру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) Республика Президентінің актілері мен тапсырмаларын барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды тұлғаларының сөзсіз және түбегейлі орындауына; Үкіметтің, орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің, мемлекеттің өзге де лауазымды тұлғаларының актілерінің Конституцияға , Қазақстан Республикасының заңдарына, Республика Президентінің актілеріне сәйкестігіне бақылау жасауды жүзеге асырады.

Президент Әкімшілігі аталған бақылауды жүзеге асыру үшін: т ұ р а қ т ы негізде тексерулер жүргізеді;

қажет болған жағдайда тиісті лауазымды тұлғалардың ауызша түсініктемелерін тыңдайды және жазбаша түсініктемелер талап етеді;

анықталған жолсыздықтарды, Қазақстан Республикасының заңдарын, Республика Президентінің актілерін сақтамауды және оның тапсырмаларын орындамауды жою жөнінде шаралар қолданады.



Президент Әкімшілігі жүргізетін тексерулердің нәтижелері мен олар бойынша қорытындылар ұдайы Республика Президентіне баяндалады.

17. Президент Әкімшілігі Республика Президенті қызметінің ұйымдық қамтамасыз етілуін, соның ішінде Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін іс-шараларды жүргізуді жүзеге асырады.

18. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыра отырып:

1) ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалға, мемлекеттік органдардың және мемлекеттің лауазымды адамдарының жұмысына талдау жүргізеді; қоғамдық пікірді зерделейді, елдегі және шет елдердегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалға болжам жасайды; Республика Президентіне мемлекеттік маңызды мәселелер жөнінде ақпарат дайындайды; <\*>

2) ақпаратты жинауды, өңдеуді жүзеге асырады және Республика Президентін ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

3) Республика Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты т ү с і н д і р е д і ;

4) Республика Президентінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді, Мемлекет басшысының олармен өзара іс-қимылын қамтамасыз е т е д і .

*Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 ж а р л ы ғ ы м е н .*

19. Президент Әкімшілігі Республика Президентінің кадр саясаты және мемлекеттік қызмет саласындағы бағытын жүргізуді қамтамасыз ете отырып:

1) кадр саясаты мен мемлекеттік қызметтің жай-күйіне, Президент Әкімшілігі қызметшілерінің кәсіби дайындығының деңгейіне талдау жасайды;

2) Мемлекет басшысының қарауына заңнаманы және Республикадағы мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, кадрларды іріктеу және орналастыру, олардың резерві жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) қызметке тағайындау және қызметтен босату кезінде материалдарды ресімдейді, Мемлекет басшысы тағайындайтын және онымен келісілетін лауазымды тұлғалардың мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты өзге де мәселелерді шешеді, олардың жеке істерін жүргізеді;

4) Президент Әкімшілігі қызметшілерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады; <\*>

5) Президент Әкімшілігі қызметшілерінің бос әкімшілік лауазымдарға орналасуға арналған конкурстарды, аттестациялауды ұйымдастырып жүргізеді. < \* >

*Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351*

## ж а р л ы ғ ы м е н

20. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыра отырып:

- 1) Республика Президенті шығарған актілерді тіркеуді жүргізеді;
- 2) Мемлекет басшысының актілерін жариялауды, Республика Президенті актілерінің, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдар құжаттарының тиісінше ресімделуі мен жөнелтілуін қамтамасыз етеді;
- 3) Президент Әкімшілігінде іс жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде атқарушылық тәртіптің жай-күйіне талдау жүргізеді;
- 5) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарайды;
- 6) азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады;
- 7) құжат айналымына, соның ішінде Мемлекет басшысының атына келіп түскен хат-хабарға талдау жүргізеді;
- 8) мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға, іс жүргізу ережелерін сақтауға және оларды жетілдіруге, жұмыс стилі мен әдістерін жақсартуға, жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге бағытталған шараларды қолданады.

21. Президент Әкімшілігі Мемлекет басшысының өзге де өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) Республика Президентінің азаматтық, саяси баспана беру мәселелері жөніндегі шешімдерінің жобаларын әзірлейді;
- 2) Республика Президентінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау әрі құрметті жоғары әскери және де өзге де атақтарды , сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді беру жөнінде ұсыныстар е н г і з е д і ;
- 3) Республика Президентінің азаматтарға кешірім жасауын жүзеге асыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

22. Президент Әкімшілігі Республика Президенті бекітетін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады.

23. Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету, елдегі және шет елдердегі істің жағдайы туралы оны уақтылы және толық хабардар ету, Республика Президентінің шешімдерінің сөзсіз және тыңғылықты орындалуы және олардың атқарылуын бақылау мақсатында Президент Әкімшілігі:

- 1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне;
- 2) министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдарға;
- 3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сот әкімдеріне;
- 4) Жоғары сотқа, Бас прокуратураға, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (



қаржы полициясына) - тиісінше, сот төрелігін іске асыруға, қылмыстық қудалау, анықтау, алдын ала тергеу функциялары мен жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға байланысты емес мәселелер жөнінде; Жоғары Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке;

5) Ұлттық Банкке;

6) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ;

7) Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдарға тапсырмалар беруге хакылы.

*Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.09.21. N 413*

*Жарлығымен.*

24. Президент Әкімшілігінің осы Ережеде көзделген өкілеттіктерін іске асыруы үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

25. Тапсырма беру, барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге материалдарды сұрату және алу құқығы Президент Әкімшілігінің Басшысында, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысында, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарларында, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасында, Президенттің көмекшілерінде, Президент Кеңесінің бастығында, Мемлекет басшысының кеңесшілерінде және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларында, Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторларында болады.

*Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 , 2006.06.06. N 131 , 2007.09.21. N 413 Жарлықтарымен.*

26. Президент Әкімшілігінің қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды табыс ету жөнінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті болып табылатын тапсырмалары мен сұратуларына, егер Президент Әкімшілігі өзгеше мерзім белгілемесе, оларды алған күннен бастап жеті күн мерзімде жауап беріледі.

### **3. Президент Әкімшілігінің құрылымы**

27. Президент Әкімшілігінің құрылымы оның бөлімшелерінен, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың аппараттарынан құралады.

*Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 , 2005.03.23. N 1528 жарлықтарымен.*

28. Президент Әкімшілігінің құрамына Мемлекет басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Әкімшіліктің Басшысы, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Президенттің көмекшілері, Президент Кеңесінің бастығы, Президенттің

кеңесшілері, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің өзге де мемлекеттік қызметшілері кіреді.

*Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1094 , 2004.04.23. N 1351, 2007.09.21. N 413 Жарлықтарымен.*

29. Президент Әкімшілігінің құрылымы мен штат санын Республика Президенті а й қ ы н д а й д ы .

30. Президент Әкімшілігін Республика Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босататын және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейтін Президент Әкімшілігінің Басшысы басқарады.

Президент Әкімшілігінің Басшысы:

1) Мемлекет басшысының бекітуіне Президент Әкімшілігі туралы ережені ұсынады, Президент Әкімшілігінің құрылымы мен штаты жөнінде ұсыныстар енгізеді, Президент Әкімшілігінің штат кестесін бекітеді, оған бекітілген штат саны шегінде өзгерістер енгізеді;

2) Мемлекет басшысының көмекшілері мен кеңесшілерінің жұмысын үйлестіреді, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және бағыттап отырады, өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) Мемлекет басшысының қарауына Президенттің көмекшілері мен кеңесшілерін, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, Президент Әкімшілігінің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын б е к і т е д і ;

5) Мемлекет басшысының актілерінің орындалуы мен сақталуын, оның тапсырмаларының орындалуын, Президент Әкімшілігінде құжаттардың өтуін бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

6) Республика Президентінің қол қоюы мен қарауына Парламент қабылдаған заңдарды, Жарлықтардың, өкімдердің жобаларын және Мемлекет басшысына жолданған басқа да құжаттар мен материалдарды ұсынады;

7) Президент Әкімшілігі бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулықтарды б е к і т е д і ;

8) Президент Әкімшілігінде ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

9) Президент Әкімшілігінің шығыстар сметасын бекітеді және соның шегінде қаржы қаражатын жұмсайды;

10) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

11) Президент Әкімшілігінің қызметкерлерін көтермелейді және оларға

тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

12) Президент Әкімшілігінің қызметкерлерін іссапарларға жібереді;

13) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалар мен тұжырымдамалардың жобаларын әзірлеу үшін жұмыс топтары мен уақытша шығармашылық ұжымдарын құрады;

14) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

15) Президент Әкімшілігінде мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын бақылайды;

16) тұрақты негізде Президент Әкімшілігінің Парламентпен, оның Палаталарымен, жұмыс органдарымен және аппаратымен; Үкіметпен және Премьер-Министр Кеңесімен; министрліктермен және өзге орталық атқарушы органдармен; Конституциялық Кеңеспен; Жоғарғы Сотпен; Бас прокуратурамен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге мемлекеттік органдармен; Ұлттық Банкпен; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен; облыстардың, Республика астанасының және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен және мәслихаттарымен; жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен; саяси партиялармен және өзге қоғамдық бірлестіктермен; бұқаралық-ақпараттық құралдарымен; халықпен байланысын қамтамасыз етеді;

17) Парламенттің және оның Палаталарының ашық және жабық отырыстарына қатысады;

18) Үкіметтің, орталық атқарушы органдардың, Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарына қатысады;

19) Мемлекет басшысының кадр саясатын іске асыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

20) Үкімет басшы лауазымдарға тағайындауға ұсынған кандидатураларды Мемлекет басшысымен келісуді қамтамасыз етеді;

21) осы Ережеде көзделген, сондай-ақ оған Республика Президенті жүктеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

31. Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады, оларды Президент Әкімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша Мемлекет басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

< \* >

Орынбасарлардың, сондай-ақ Президент Кеңесі бастығының арасында міндеттерді бөлуді Президент Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

Президент Әкімшілігінің Басшысы орнында болмаған жағдайда, оның міндеттерін Президент Әкімшілігінің Басшысы белгілеген орынбасарларының

б і р і

а т қ а р а д ы .

*Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1094 жарлығымен , 2004.04.23. N 1351 жарлығымен .*

32. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерін ( бұдан әрі - көмекшілер мен кеңесшілер):

- 1) Мемлекет басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 2) олар Президент Әкімшілігінің құрылымына енеді;
- 3) олар осы Ережеде белгіленген құзыретіне және Мемлекет басшысы мен Әкімшілік Басшысының өзге де актілеріне және тапсырмаларына сәйкес жұмыс і с т е й д і .

33. Көмекшілер мен кеңесшілердің негізгі міндеттері:

- 1) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету;
- 2) Мемлекет басшысын елдегі және шет елдердегі істің жағдайы туралы уақтылы әрі толық хабардар ету болып табылады.

Республика Президенті Мемлекет басшысының алдында тұрған міндеттердің бірінші кезектілігіне және маңыздылығына байланысты осы Ережеде көзделгендерден ерекше өзге де міндеттер мен өкілеттіктерді көмекшілері мен кеңесшілеріне жүктеуі мүмкін. Мемлекет басшысы көмекшілері мен кеңесшілерінің санын және қызметі бағыттарын, сондай-ақ олардың жанында консультанттардың болу қажеттігін айқындайды.

34. Көмекшілер мен кеңесшілер олардың алдына қойылған міндеттерді шешуде, Мемлекет басшысы тапсырмаларының уақтылы, сапалы әрі түбегейлі орындалуына жауапты болады.

35. Көмекшілер мен кеңесшілер өз құзыреті шегінде:

1) Республика Президентінің актілері мен тапсырмаларын мемлекеттік органдар мен елдің лауазымды тұлғаларының сөзсіз әрі түбегейлі сақтауы мен орындауын бақылауға; Мемлекет басшысы жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіруге және оның қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуге қатысады;

2) Мемлекет басшысын қажетті ақпараттық-талдау және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

3) өз өкілеттіктеріне сәйкес Республика Президентінің тиісті актілерінің жобаларына қолбелгі қояды;

4) өздерінің атына жіберілген хат-хабарды, қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарап, азаматтарды қабылдайды;

5) Мемлекет басшысының елдегі және шет елдердегі іссапарларында ілесіп жүреді, өз өкілеттіктеріне сәйкес Республика Президенті қатысатын іс-шараларды ұйымдастырылуын бақылайды, іссапар барысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды белгілеп алады, қажетті жағдайда оның

азаматтарды қабылдауына, олардың өтініш-арыздарын зерделеуге қатысады.

36. Көмекшілер мен кеңесшілердің арасында міндеттерді бөлуді Мемлекет басшысының келісімі бойынша Президент Әкімшілігінің Басшысы бекітеді.

37. Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерін олардың басшылары б а с қ а р а д ы , о л а р д ы :

1) Президент Әкімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша Мемлекет басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) олар құрылымдық бөлімшелерге жүктелген міндеттерді орындауға, Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын, Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмаларын уақтылы әрі түбегейлі орындауға жауапты болады; қызметкерлердің арасында міндеттерді бөледі, еңбекті ұйымдастыру мен тиісінше еңбек тәртібін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Президент Әкімшілігінде бекітілген ережелерге сәйкес іс жүргізуге жауап береді.

38. Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1) мемлекеттік органдардың құзырындағы кез келген ақпараттық деректер банкін белгіленген тәртіппен пайдалануға;

2) Президент Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің функционалдық қызметіне қатысты мәселелерді қарау кезінде Үкіметтің отырыстарына, министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың алқа отырыстарына қатысуға;

3) мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен және ұйымдармен Президент Әкімшілігінің құзырына жатқызылған мәселелер бойынша хат ж а з ы с у ғ а ;

4) Президент Әкімшілігінің құзырына жатқызылған мәселелерді шешуге Парламенттің, Үкіметтің, министрліктер мен өзге де атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, өзге де мемлекеттік органдардың аппараттарының қызметшілерін, сондай-ақ ұйымдардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды, соның ішінде шарттық негізде, т а р т у ғ а х а қ ы л ы .

39. Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары осы Ережеде көзделген және (немесе) оларға Президент Әкімшілігінің Басшысы жүктеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

40. Президент Әкімшілігінің қызметкерлері Президент Әкімшілігінің алдында тұрған міндеттерді шешу жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

41. Президент Әкімшілігінің қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде белгіленген тәртіппен:

1) Үкіметтің, орталық атқарушы органдардың, Мемлекет басшысына тікелей

бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарына, орталық атқарушы органдар мен әкімдер өткізетін іс-шараларға қатысуға;

2) Президент Әкімшілігінің лауазымды тұлғаларына Үкімет, орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдар, әкімдер мен мемлекеттің өзге де лауазымды тұлғалары әзірлеген, белгіленген талаптарға жауап бермейтін актілердің жобаларын пысықтау үшін қайтару туралы ұсыныстарды енгізуге;

3) Әкімшілік Басшысының және оның орынбасарларының, Президент Кеңесі бастығының, өзге де құрылымдық бөлімшелер басшыларының тапсырмасы бойынша Президент Әкімшілігінің құзыреті шегінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

*Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.04.23. N 1351 жарлығымен .*